

Шекараларда жүктерге бақылау жүргізудің шарттарын келісу туралы халықаралық конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 6 мамыр N 320-II Заңы

Женевада 1982 жылғы 21 қазанда жасалған Шекараларда жүктерге бақылау жүргізудің шарттарын келісу туралы халықаралық конвенцияға Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

ШЕКАРАЛАРДА ЖҮКТЕРГЕ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУДІҢ ШАРТТАРЫН КЕЛІСУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯ (2005 жылғы 25 сәуірде күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты) Кіріспе

У а ғ д а л а с у ш ы Т а р а п т а р ,

жүктерді халықаралық тасымалдауды жақсартуға ниет білдіре отырып,
жүктердің шекаралар арқылы өтуіне жәрдем көрсетудің қажеттілігін назарға ала
о т ы р ы п ,

шекараларда бақылау жасау шараларын түрлі бақылау қызметтері жүзеге
а с ы р а т ы н д ы ғ ы н а т а п ө т е о т ы р ы п ,

бақылаудың бұл түрлерін жүргізу жағдайы айтарлықтай мөлшерде олардың
мақсатына, оларды лайықты жүргізуге залал келтірместен және олардың тиімділігін
төмендетпестен келісілуі мүмкін екендігін мойындай отырып,

шекаралық бақылау жүргізудің шарттарын келісу бұл мақсаттарға қол жеткізуге
арналған маңызды құралдардың бірін білдіретіндігіне көз жеткізе отырып,
мына төмендегілер туралы келісті:

I тарау. Жалпы ережелер 1-бап. Айқындама

О с ы К о н в е н ц и я ғ а с ә й к е с :

а) "кеден" ретінде кедендік заңнаманың орындалуын әрі импорттық және экспорттық баждар мен салықтарды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ басқалармен бірге жүктердің әкелінуіне, транзитіне және әкетілуіне қатысты басқа да заңдар мен ережелердің қолданылуы үшін жауаптылықта болатын мемлекеттік қызмет түсініледі;

б) "кедендік бақылау" ретінде сақталуы үшін кедендер жауаптылықта болатын, заңдар мен ережелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын ш а р а л а р т ү с і н і л е д і ;

с) "медициналық санитарлық бақылау" ретінде малдәрігерлік бақылауды қоспағанда адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында жүзеге асыратын б а қ ы л а у т ү с і н і л е д і ;

д) "ветеринарлық бақылау" ретінде адамдар мен жануарлардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында жануарлар мен жануарлар тектес азық-түліктерге қатысты жүзеге асырылатын санитарлық бақылау, сондай-ақ жануарлардың ауыруларын таратушылар болып табылуы мүмкін заттарды немесе жүктерді бақылау т ү с і н і л е д і ;

е) "фитосанитариялық бақылау" ретінде өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімдер зиянкестерінің таратылуының және мемлекеттік шекаралар арқылы тасымалдануының алдын алуға бағытталған бақылау түсініледі;

ф) "техникалық стандарттарға сәйкестігін бақылау" ретінде жүктердің тиісті заңдармен және ережелермен айқындалған халықаралық немесе ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететін бақылау түсініледі;

г) "сапаны бақылау" ретінде жоғарыда аталғандардан ерекшеленетін және жүктердің тиісті заңдармен және ережелермен белгіленген халықаралық немесе ұлттық ең төменгі сапа көрсеткіштеріне сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын кез келген басқа бақылау түсініледі;

h) "бақылау қызметі" ретінде бақылаудың жоғарыда анықталған барлық немесе кейбір түрлерін немесе бақылаудың импорттық, экспорттық немесе транзиттік жүктер жүйелі түрде өткізілетін кез келген басқа түрлерін жүзеге асыру міндеті жүктелген кез келген қызмет түсініледі.

2-бап

Конвенцияның мақсаты

Жүктерді халықаралық тасымалдауларды жеңілдету үшін осы Конвенцияның ресімдерді сақтауға, сондай-ақ атап айтқанда бақылаудың рәсімдері мен оларды

қолданудың әдістерін ұлттық және халықаралық үйлестіру жолымен бақылаудың түрлері мен ұзақтығына қатысты талаптарды қысқарту мақсаты бар.

3-бап

Қолдану аясы

1. Осы Конвенция әкелу, әкету немесе транзиті кезінде бір немесе бірнеше теңіздегі , әуедегі немесе құрғақтағы шекаралардан өтетін барлық жүктерге қолданылады.

2. Осы Конвенция Уағдаласушы Тараптардың барлық бақылау қызметіне қолданылады.

II ТАРАУ

Рәсімдерді келісу

4-бап

Бақылаудың түрлерін үйлестіру

Уағдаласушы Тараптар мүмкіндігіне қарай кеден қызметтері мен басқа да бақылау қызметтерінің келісілген жұмысын ұйымдастыруға міндеттенеді.

5-бап

Қызметтердің қарамағына берілетін құралдар

Бақылау қызметтерінің тиісті дәрежеде жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Уағдаласушы Тараптар аталған қызметтердің мүмкіндігіне қарай және ұлттық заңдардың шеңберінде өз қарамағында:

а) тасымалдаудың қажеттіліктері ескеріле отырып білікті қызметкерлерінің ж е т к і л і к т і м ө л ш е р і ;

б) бақылауға жататын көлік пен жүктердің түрін және тасымалдау қажеттіліктерін ескере отырып, тексеру жүргізу үшін қажетті жабдықтар мен қондырғылар;

с) олар халықаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес, сондай-ақ қолданылып жүрген ұлттық ұйғарымдамаларға сәйкес әрекет етуі үшін лауазымды адамдарға арналған ресми нұсқаулықтар болуын қамтамасыз етуі тиіс.

6-бап

Халықаралық ынтымақтастық

Уағдаласушы Тараптар бір-бірімен ынтымақтасуға және осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін құзыретті халықаралық органдармен қажетті ынтымақтастыққа ұмтылуға, сондай-ақ қажет жағдайларда көп жақты немесе екі жақты шарттар немесе келісімдер жасасуға ұмтылуға міндеттенеді.

7-бап

Көрші елдердің арасындағы ынтымақтастық

Құрғақтағы жалпы шекарадан өтудің барлық жағдайларында мүдделі Уағдаласушы Тараптар мүмкін болған жағдайда жүктерді тасымалдауды жеңілдету үшін тиісті шаралар, атап айтқанда:

а) олар бірге пайдаланылатын жабдықты орнату жолымен жүктер мен құжаттарды бірлесіп бақылауды ұйымдастыру үшін барлық күш жігерді жұмсайды;

б) о л а р шекаралық постлардың жұмысы сағаттарының, бұл постларда өз қызметтерін жүзеге асыратын бақылау қызметтерінің; осы елдерде қабылдануы немесе пайдаланылуы мүмкін болатын жүктердің, тауарлар мен көлік құралдарының және халықаралық кедендік транзит жүйелерінің санаттарының ұқсас болуын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерді жұмсайды.

8-бап

Ақпараттар алмасу

Уағдаласушы Тараптар тиісті өтінім болған жағдайда қосымшаларда көрсетілген шарттарға сәйкес осы Конвенцияны қолдану үшін қажетті ақпараттар алмасады.

9-бап

Құжаттар

1. Уағдаласушы Тараптар бір-бірімен және құзыретті халықаралық органдармен қарым-қатынастарда Біріккен Ұлттар Ұйымының үлгілік толтыру қағазына сәйкес

жасалынған құжаттарды кеңінен пайдалануға ұмтылатын болады.

2. Уағдаласушы Тараптар олардың өздерінің нысандарына, ұқсастығына және растауына қатысты ресми ережелерге жауап беруі шартымен, сондай-ақ олардың оңай оқылуы және ұғынықтылығы шартымен кез келген тиісті техникалық процесті пайдалану арқылы дайындалған құжаттарды қабылдайды.

3. Уағдаласушы Тараптар қажетті құжаттардың тиісті заңнамаға сәйкес дайындалуын және расталуын қамтамасыз етеді.

III ТАРАУ

Транзитке қатысты ережелер

10-бап

Транзиттік жүктер

1. Уағдаласушы Тараптар мүмкіндігіне қарай оларды бақылауды ол қалыптасқан жағдаяттармен немесе тәуекелдермен ақталатын жағдайларда ғана жүргізуді көздей отырып, транзиттік жүктерге, әсіресе халықаралық кедендік транзит жүйесіне сәйкес тасымалданатын жүктерге қатысты қарапайым және жеделдетілген режим қолдануға келіседі. Оның үстіне олар теңізге шыға алмайтын елдердің жағдайын назарға алады. Олар оның ішінде халықаралық транзиттің қандай да бір жүйесіне сәйкес тасымалданатын жүктерге кедендік баждарды төлеу бойынша беру жүргізілуі мүмкін уақыт ұзақтығын арттыруды және осы саладағы бар кедендердің құзыреттерін кеңейтуді қарастыру үшін барлық күш-жігерді жұмсайды.

2. Олар жеткілікті қауіпсіздікті қамтамасыз ететін контейнерлермен немесе басқа да орау құралдарымен тасымалданатын жүктердің транзитін барынша жеңілдету үшін барлық күш-жігерді жұмсайды.

IV ТАРАУ

Басқа да ережелер 11-бап

Қоғамдық тәртіп

1. Осы Конвенцияның бірде-бір ережесі қоғамдық тәртіп, атап айтқанда қоғамдық қауіпсіздік, адамгершілік пен денсаулық сақтау тұрғысында немесе қоршаған ортаны, мәдени мұраларды немесе өнеркәсіптік, коммерциялық және интеллектуалдық меншікті қорғау мақсатында импортқа, экспортқа немесе транзитке қатысты тыйымдар

немесе шектеулер енгізуге кедергі жасамайды.

2. Әйтсе де, Уағдаласушы Тараптар ол мүмкін болған жағдайда бақылаудың осындай түрлерінің тиімділігі үшін нұқсан келтірместен бақылаудың жоғарыдағы 1-тармақта айтылған шараларды қолдануға байланысты түрлеріне осы Конвенцияның ережелерін, атап айтқанда 6-9-баптардың ережелерін қолдануға ұмтылады.

12-бап

Төтенше шаралар

1. Уағдаласушы Тараптар ерекше жағдаяттарға орай енгізуге мәжбүр болатын шаралары оларды енгізуге әкеп соқтырған себептерге сәйкес болуы керек және оларды жүзеге асыру осы себептер жойылған жағдайда тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы тиіс.

2. Осы шаралардың тиімділігіне нұқсан келтірмейтін барлық жағдайларда Уағдаласушы Тараптар осы шараларға қатысты тиісті ережелерді жариялайды.

13-бап

Қосымшалар

1. Осы Конвенцияға қосымшалар осы Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Бақылаудың басқа да түрлеріне қатысты жаңа қосымшалар төмендегі 22 немесе 24-баптарда көзделген рәсімге сәйкес осы Конвенцияға енгізілуі мүмкін.

14-бап

Басқа шарттарға қатысы

Осы Конвенция 6-баптың ережелеріне нұқсан келтірмей осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптардың осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптары болмас бұрын жасасқан шарттарынан туындайтын құқықтар мен міндеттерге ықпал етпейді.

15-бап

Осы Конвенция екі не одан да көп Уағдаласушы Тараптардың бір-біріне беруді қалайтын неғұрлым кең жеңілдіктердің қолданылуына кедергі жасамайды және оның осы Конвенциядан туындайтын жеңілдіктердің көлемін ешқандай тұрғыда азайтпауы шартымен 16-бапта аталған, Уағдаласушы Тараптар болып табылатын экономикалық интеграция саласындағы аймақтық ұйымдардың өздерінің ішкі шекараларындағы бақылауға өз заңдарын қолдану құқығына қысым жасамайды.

6-бап

Қол қою, ратификациялау, қабылдау, бекіту және қосылу

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға берілетін осы Конвенция барлық мемлекеттердің және егемен мемлекеттерден тұратын, келіссөздер жүргізуге, осы Конвенцияда көзделген мәселелерге қатысты халықаралық келісімдер жасасуға және оларды қолдануға қатысты құзыретті экономикалық интеграция саласындағы аймақтық ұйымдардың қатысуы үшін ашық.

2. 1-тармақта айтылған экономикалық интеграция саласындағы аймақтық ұйымдар өздерінің құзыретіне кіретін мәселелерге қатысты өз атынан осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптары болып табылатын мүше мемлекеттер үшін осы Конвенциямен көзделген құқықтарды жүзеге асыра және міндеттерді орындай алады. Бұл жағдайларда мұндай ұйымдардың мүше мемлекеттері дауыс беру құқығын қоса алғанда бұл құқықтарды дербес жүзеге асыра алмайды.

3. Мемлекеттер мен жоғарыда аталған экономикалық интеграция саласындағы аймақтық ұйымдар:

а) ратификациялау, қабылдау немесе бекіту туралы құжатты оған қол қойылғаннан кейін сақтауға тапсыру жолымен;

б) қосылу туралы құжатты сақтауға тапсыру жолымен осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптары бола алады.

4. Осы Конвенция барлық мемлекеттер мен 1-тармақта айтылған экономикалық интеграция саласындағы аймақтық ұйымдардың қол қоюы үшін Женевадағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бөлімшесінде 1983 жылдың 1 сәуірінен бастап 1984 жылдың 31 наурызын қоса алғанда ашық болады.

5. 1983 жылдың 1 сәуірінен бастап ол қосылу үшін де ашық болады.

6. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

17-бап

Күшіне енуі

1. Осы Конвенция бес мемлекет өздерінің ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттарын сақтауға тапсырған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін күшіне енеді.

2. Бес мемлекет өздерінің ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттарын сақтауға тапсырғаннан кейін осы Конвенция олар ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы өздерінің құжаттарын сақтауға тапсырған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін одан кейінгі барлық Уағдаласушы Тараптар үшін күшіне енеді.

3. Осы Конвенцияда қандай да бір түзету күшіне енгеннен кейін сақтауға тапсырылған ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы кез келген құжат осы Конвенцияның өзгертілген мәтініне қатысты болып есептеледі.

4. 22-бапта көзделген рәсімге сәйкес қандай да бір түзету қабылданғаннан кейін бірақ ол күшіне енгенге дейін сақтауға тапсырылған кез келген осындай құжат осы түзету күшіне енген күннен бастап осы Конвенцияның өзгертілген мәтініне қатысты болып есептеледі.

18-бап

Күшін жою

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жолданған нота беру жолымен осы Конвенцияның күшін жоя алады.

2. Күшін жою Бас хатшы осы нотаны алған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін күшіне енеді.

19-бап

Қолданылуын тоқтатуы

Егер осы Конвенция күшіне енгеннен кейін Уағдаласушы Тараптар болып табылатын мемлекеттердің саны сабақтас он екі айдан тұратын кез келген кезеңнің ішінде бестен аз болса, осы Конвенция жоғарыда көрсетілген он екі айлық кезең аяқталғаннан кейін күшін жояды.

20-бап

Дауларды шешу

1. Екі не одан көп Уағдаласушы Тараптардың арасындағы осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген дау мүмкіндігінше олардың арасындағы келіссөздер жолымен немесе реттеудің басқа да құралдарымен шешіледі.

2. Екі не одан көп Уағдаласушы Тараптардың арасындағы осы баптың 1-тармағында көзделген әдістермен шешілмейтін осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген дау олардың бірінің өтініші бойынша мынадай тұрғыда құрылған төрелік сотқа беріледі: даудағы әр Тарап төреші тағайындайды және бұл төрешілер төраға болатын басқа төрешіні тағайындайды. Егер өтінім алынған күннен бастап үш ай өткеннен кейін Тараптардың бірі төрешіні тағайындамаса және төрешілер төрағаны тағайындай алмаса, Тараптардың кез келгені Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына төрешіні немесе төрелік соттың төрағасын тағайындау жөнінде өтінішпен жүгіне алады.

2-тармақтың ережелеріне сәйкес тағайындалған төрелік соттың шешімі түпкілікті болып табылады және даудағы Тараптар үшін міндетті күші болады.

Төрелік сот өз рәсімінің ережелерін белгілейді.

Төрелік сот өз шешімдерін даудағы Тараптардың арасындағы шарттардың және жалпы халықаралық құқықтың негізінде көпшілік дауыспен қабылдайды.

Даудағы Тараптар арасындағы төрелік соттың шешімдерін түсіндіруге және орындауға қатысты пайда болуы мүмкін кез келген келіспеушіліктерді Тараптардың кез келгені осы шешімді шығарған төрелік соттың қарауына бере алады.

Даудағы әр Тарап төрелік талқылау кезіндегі өзі тағайындаған төреші мен өз өкілдерінің қызметтерін пайдалануға байланысты шығындарды өтейді; төрағаның қызметін пайдалануға байланысты және басқа да шығындарды даудағы Тараптар тең бөлікте өтейді.

21-бап

Түсіндірмелер

1. Кез келген Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияны ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу сәтінде өзін осы Конвенцияның 20-бабының 2-7-тармақтарымен байланысты емес деп мәлімдей алады. Басқа Уағдаласушы Тараптар осындай түсіндірме жасаған кез келген Уағдаласушы Тарапқа қатысты осы тармақтармен байланысты болмайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес түсіндірме жасаған кез келген Уағдаласушы Тарап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына құлақтандыру жолымен осы түсіндірмені кез келген уақытта алып тастай алады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген түсіндірмелерді қоспағанда осы Конвенцияға ешқандай басқа түсіндірмелерге жол берілмейді.

22-бап

Осы Конвенцияға түзетулер енгізудің рәсімі

1. Оған қосымшаларды қоса алғанда осы Конвенцияға түзетулер кез келген Уағдаласушы Тараптың ұсынысы бойынша осы бапта белгіленген рәсімге сәйкес е н г і з і л у і м ү м к і н .

2. Осы Конвенцияға ұсынылған кез келген түзетуді 7-қосымшада баяндалған рәсімінің ережелеріне сәйкес барлық Уағдаласушы Тараптардан тұратын Әкімшілік комитетті қарайды. Әкімшілік комитетінің сессиясында қаралған немесе әзірленген және ол мақұлдаған кез келген осындай түзетуді Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы қабылдау үшін Уағдаласушы Тараптарға жібереді.

3. Осының алдындағы тармаққа сәйкес жіберілген кез келген ұсынылған түзету, егер Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы мерзімнің ішінде Уағдаласушы Тарап болып табылатын қандай да бір мемлекеттен немесе Уағдаласушы Тарап болып табылатын және осы Конвенцияның 16-бабының 2-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес іс-әрекет жасайтын экономикалық интеграция саласындағы аймақтық ұйымдардан ұсынылған түзетулерге қарсы ешқандай қарсылық білдіру алмаса, барлық

Уағдаласушы Тараптар үшін ұсынылып отырған түзету туралы хабарланған күннен кейінгі он екі айлық кезең аяқталған соң үш айдан кейін күшіне енеді.

4. Осы баптың 3-тармағының ережелеріне сәйкес ұсынылған түзетуге қарсы қарсылық білдірілген жағдайда түзету қабылданбаған болып есептеледі және осыған байланысты ешқандай шара қолданылмайды.

23-бап

Сұрау салулар, хабарлаулар және қарсылық білдірулер

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы барлық Уағдаласушы Тараптар мен барлық мемлекеттерді 22-бапқа сәйкес жасалған барлық сұрау салулар, хабарлаулар немесе қарсылық білдірулер туралы және әр түзетудің күшіне ену мерзімі туралы хабардар етеді.

24-бап

Қайта қарау жөніндегі конвенция

Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бес жыл өткен соң кез келген Уағдаласушы Тарап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын жолданатын құлақтандыру жолымен осы конференцияда қаралуы тиіс ұсыныстарды көрсете отырып осы Конвенцияны қайта қарау мақсатында конференция шақыру туралы өтініш жасай алады. Мұндай жағдайда :

i) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы ол туралы барлық Уағдаласушы Тараптарға хабарлайды және оларға үш айлық мерзімінде бастапқы ұсыныстарға қатысты өздерінің ескертпелерін, сондай-ақ конференцияда мүмкіндігінше қаралуы тиіс басқа да ұсыныстарды табыс етуді ұсынады;

ii) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы барлық Уағдаласушы Тараптарға жасалған кез келген басқа ұсыныстардың мәтінін де хабарлайды және хабардар еткеннен кейін Уағдаласушы Тараптардың кем дегенде үштен бір бөлігі оған қайта қарау жөніндегі конференцияны шақыруға өзінің келісімі жөнінде хабардар етсе, осындай конференцияны шақырады;

iii) Алайда, егер Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы қайта қарау туралы ұсынысты 22-баптың 1-тармағына сәйкес түзетулер енгізу туралы ұсыныс ретінде

қарауға болады деп ұйғарса, онда ол ұсыныс жасаған Уағдаласушы Тараптың келісімімен қайта қарау рәсімінің орнына 22-бапта көзделген түзетулерді енгізу рәсімін қолдана алады.

25-бап

Құлақтандыру

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы 23 және 24-баптарда көзделген құлақтандырулар мен хабарлаулардан басқа барлық мемлекеттерді:

a). 16-бапқа сәйкес қол қойылғандығы, ратификацияланғандығы, қабылданғандығы, бекітілгендігі және қосылулар туралы;

b). 17-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшіне енетін күндері туралы;

c). 18-бапқа сәйкес күшін жоюлар туралы;

d). 19-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшін тоқтату туралы;

e). 21-бапқа сәйкес жасалынған түсіндірмелер туралы хабардар етеді.

26-бап

Расталған көшірмелер

1984 жылғы 31 наурыздан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенцияның тиісті түрде расталған екі көшірмесін Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысына және Уағдаласушы Тараптар болып саналмайтын барлық мемлекеттерге қ а й т а ж і б е р е д і .

Бір мың тоғыз жүз сексен екінші жылғы 21 қазанда ағылшынша, испанша, орысша және французша мәтіндері бірдей тең болып табылатын бір түпнұсқада Женевада Ж А С А Л Д Ы .

ОСЫНЫ КУЭЛАНДЫРЫП төменде қол қойған осы мақсатта лайықты тұрғыда уәкілеттік берілген өкілетті өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

1-ҚОСЫМША КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ МЕН БАҚЫЛАУДЫҢ БАСҚА ДА ТҮРЛЕРІН КЕЛІСУ 1-бап

Қағидаттар

1. Барлық шекараларда кедендердің бар екендігі және олардың жұмысының жалпы сипаты ескеріле отырып, бақылаудың басқа да түрлерін ұйымдастыру мүмкіндігінше қарай кедендік бақылауымен үйлестіріледі.

2. Осы қағидатты орындау үшін қажет болған жағдайларда пайдаланылатын рәсімдердің жүктерді халықаралық тасымалдауларды жеңілдетуге ықпал етуі шартымен, бақылаудың барлық немесе жекелеген түрлерін шекарадан тыс жерлерде жүргізуге жол беріледі.

2-бап

1. Кеденде кедендік бақылаудан ерекшеленетін басқа да түрлерін жүзеге асыруды талап ететін заңды ұйғарымдар немесе ережелер туралы толық ақпараты болуы тиіс.

2. Егер бақылаудың басқа да түрлерін жүзеге асыру қажеттілігі белгіленген болса, кеден оған қатысы бар қызметтерге ол туралы хабарлауды қамтамасыз етеді және олармен ынтымақтасады.

3-бап

Бақылауды ұйымдастыру

1. Бір жерде бақылаудың бірнеше түрін өткізу қажет болған жағдайда құзыретті қызметтер оларды мүмкіндігіне қарай бір мезгілде немесе мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүргізу үшін барлық тиісті шараларды қолданады. Олар құжаттар мен ақпараттарға деген өздерінің қажеттіліктерін үйлестіру үшін бар күш-жігерді ж ұ м с а й д ы .

2. Атап айтқанда, құзыретті қызметтер бақылау жүргізілетін жерде қажетті қызметшілер мен жабдықтардың болуы үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды.

3. Кедендер өздеріне құзыретті қызметтер тікелей нысанда өкілеттіліктер берген кезде олардың атынан бақылаудың жүргізілуі үшін осы қызметтер жауаптылықта болатын барлық немесе кейбір түрлерін жүргізе алады. Мұндай жағдайда бұл қызметтер кеденге барлық керекті құралдардың берілуін қамтамасыз етеді.

4-бап

Бақылаудың нәтижелері

1. Бақылау қызметтері мен кедендер осы Конвенция қамтитын барлық мәселелер бойынша бақылаудың тиісті түрлерінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында дереу барлық тиісті ақпараттармен алмасады.

2. Құзыретті қызмет жүргізілген бақылаудың нәтижелерінің негізінде аталған жүкпен одан әрі не істеу керектігі туралы шешім қабылдайды және қажет болған жағдайда ол туралы бақылаудың басқа түрлерін жүзеге асыратын құзыретті қызметтерге хабарлайды. Осы шешімнің негізінде кеден мұндай жүк үшін тиісті кедендік режимді белгілейді.

2-ҚОСЫМША

МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ 1-бап

Қағидаттар

Медициналық-санитарлық бақылау, олар қай жерде жүзеге асырылатындығына карамастан, осы Конвенцияда, атап айтқанда, оған 1-қосымшада белгіленген қағидаттарға сәйкес жүргізіледі.

2-бап

Ақпарат

Әр Уағдаласушы Тарап кез келген мүдделі тұлғаға мынадай:

- медициналық-санитарлық бақылауға жататын жүктер туралы;
- аталған жүктердің бақылау үшін ұсынылатын жерлер туралы;
- медициналық-санитарлық бақылауға қатысты заңнамалық кесімдермен және ережелермен көзделген талаптар туралы, сондай-ақ әдетте қолданылатын рәсімдер туралы ақпараттың тез арада берілуін қамтамасыз етеді.

3-бап

Бақылауды ұйымдастыру

1. Бақылау қызметтері медициналық-санитарлық бақылау жүргізілетін шекаралық пункттердің қажетті жабдықтармен жарактандырылуын қадағалайды.

2. Медициналық-санитарлық бақылау, ұсынылған куәлік пен тасымалдау тәсілі жүктердің тасымалдау кезінде бүлінбейтіндігін немесе зақымдану көзі болмайтындығын айқын дәлелдесе, елдің ішінде орналасқан пункттерде де жүзеге асырылады.

3. Уағдаласушы Тараптар қолданылып жүрген конвенциялардың шеңберінде мүмкіндігіне қарай тасымалданатын тез бүлінетін жүктерге физикалық бақылауды қысқартуға ұмтылады.

4. Жүктерді медициналық-санитарлық бақылаудың нәтижелерін алғанға дейін бөгеу қажет болған жағдайларда Уағдаласушы Тараптардың құзыретті бақылау қызметтері жүктердің ең аз кеден рәсімдері кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда сақталуы үшін шаралар қолданады.

4-бап

Транзиттік жүктер

Қолданылып жүрген конвенциялардың шеңберінде Уағдаласушы Тараптар ауру жұқтыру қаупі болмаған жағдайларда транзиттік жүктерді мүмкіндігіне қарай медициналық-санитарлық бақылаудан босатады.

5-бап

Ынтымақтастық

1. Медициналық-санитарлық қызметтер медициналық-санитарлық бақылауға жататын тез бүлінетін жүктердің өткізілуін жеделдету мақсатында, атап айтқанда пайдалы ақпарат алмасу жолымен басқа Уағдаласушы Тараптардың тиісті қызметтерімен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Тез бүлінетін жүктердің партиясы медициналық-санитарлық бақылау кезінде бөгелген жағдайларда, құзыретті қызмет бұл бөгеудің себептері мен жүктерге қатысты қабылданған шараларды көрсете отырып, экспорттаушы елдің тиісті қызметін ең қысқа мерзімде құлақтандыру шараларын қабылдайды.

3-ҚОСЫМША

ВЕТЕРИНАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ 1-бап

Қағидағтар

Ветеринарлық бақылау, ол қай жерде жүзеге асырылатындығына қарамастан, осы Конвенцияда, атап айтқанда, оған 1-қосымшада белгіленген қағидаттарға сәйкес жүргізіледі.

2-бап

Айқындама

Осы Конвенцияның 1-d) бабында белгіленген ветеринарлық бақылау жануарлар мен жануарлар тектес өнімдерді тасымалдау құралдары мен жағдайларын бақылауды да қамтиды. Ол, сондай-ақ өзіне сапаны, стандарттар мен түрлі ережелерді бақылауды, мәселен, тиімділік тұрғысынан алғанда ветеринарлық бақылаумен жиі байланысты болатын қауіп төніп тұрған түрлерді бақылау мақсатындағы бақылауды да қамтуы мүмкін.

3-бап

Ақпарат

Әр Уағдаласушы Тарап кез келген мүдделі тұлғаға мынадай:

- ветеринарлық бақылауға жататын жүктер туралы;
- жүктер бақылау үшін ұсынылатын жерлер туралы;
- ветеринарлық бақылауға қатысты заңнамалық кесімдерде және ережелерде көзделген талаптар, сондай-ақ әдетте қолданылатын рәсімдер туралы ақпараттың тез арада берілуін қамтамасыз етеді.

4-бап

Бақылауды ұйымдастыру

1. У а ғ д а л а с у ш ы Т а р а п т а р :

- ол қажет және мүмкін болатын жерлерде тасымалдаудың талаптарына сәйкес ветеринарлық бақылауға арналған тиісті құрылғылар құруға;

- жүктердің қозғалысына, атап айтқанда ветеринарлық және кеден қызметтерінің жұмыс істеу сағаттарын үйлестіру және егер олардың келетіндігі туралы хабар алдын ала түссе, жүктерді кедендік тазалауды жұмыстың дағдылы кестесінде көзделмеген сағаттарда жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету жолымен жәрдемдесуге ұмтылады.

2. Жануарлар тектес өнімдерді ветеринарлық бақылау, егер пайдаланылатын көлік құралдарының бұл өнімдер тасымалдау кезінде бүлінбейтіндей немесе зақымдану көзі болмайтындай екендігі дәлелденсе, елдің ішінде орналасқан пункттерде де жүргізілуі

м ү м к і н .

3. Уағдаласушы Тараптар қолданылып жүрген конвенцияның шеңберінде тасымалданатын тез бүлінетін жүктерге физикалық бақылауды қысқартуға ұмтылады.

4. Жүктерді ветеринарлық бақылаудың нәтижелерін алғанға дейін бөгеу қажет болған жағдайларда Уағдаласушы Тараптардың құзыретті бақылау қызметтері жүктерді сақтау ең аз кеден рәсімдер кезінде және олардың сенімді карантині мен сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуы үшін шаралар қолданады.

5-бап

Транзиттік жүктер

Уағдаласушы Тараптар қолданылып жүрген конвенцияның шеңберінде ауру жұқтыру қаупі болмаған жағдайларда транзитпен тасымалданатын жануарлар тектес өнімдерді мүмкіндігіне қарай ветеринарлық бақылаудан босатады.

6-бап

Ынтымақтастық

1. Ветеринарлық бақылау қызметтері ветеринарлық бақылауға жататын тез бүлінетін жүктердің өткізілуін жеделдету мақсатында, атап айтқанда пайдалы ақпарат алмасу жолымен басқа Уағдаласушы Тараптардың тиісті қызметтерімен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Тез бүлінетін жүктердің немесе тірі жануарлардың партиясы ветеринарлық бақылау кезінде бөгелген жағдайларда, құзыретті қызмет осы бөгеудің себептері мен жүктерге қатысты қабылданған шараларды көрсете отырып, экспорттаушы елдің тиісті қызметін ең қысқа мерзімде құлақтандыру шараларын қабылдайды.

4-ҚОСЫМША

ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ 1-бап

Қағидаттар

Фитосанитариялық бақылау, ол қай жерде жүзеге асырылатындығына қарамастан, осы Конвенцияда, атап айтқанда, оған 1-қосымшада белгіленген қағидаттарға сәйкес жүргізіледі.

2-бап

Айқындама

Осы Конвенцияның 1е)-бабында белгіленген фитосанитариялық бақылау өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімдерді тасымалдау құралдары мен шарттарын да қамтиды. Ол жойылу қаупі төніп тұрған өсімдік түрлерін сақтауға бағытталған шараларды да қамтуы мүмкін.

3-бап

Ақпарат

Әр Уағдаласушы Тарап кез келген мүдделі тұлғаға мынадай:

- арнаулы фитосанитариялық шарттар қолданылатын жүктер туралы;
- жекелеген өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімдерді бақылау үшін ұсынылатын ж е р л е р т у р а л ы ;
- оларға қатысты тыйым салулар мен шектеулер қолданылатын өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімдер зиянкестері тізбесінің;
- фитосанитариялық бақылауға қатысты заңнамалық кесімдермен және ережелермен көзделген талаптар тізбесінің, сондай-ақ әдетте қолданылатын рәсімдер туралы ақпараттың тез арада берілуін қамтамасыз етеді.

4-бап

Бақылауды ұйымдастыру

1. У а ғ д а л а с у ш ы Т а р а п т а р :

- ол қажет және мүмкін болатын жерлерде тасымалдаудың талаптарына сәйкес фитосанитариялық бақылауға, сақтауға, дезинсекциялауға және дезинфекциялауға арналған тиісті құрылғылар құруға;
- жүктердің қозғалысына, атап айтқанда фитосанитариялық және кеден қызметтерінің жұмыс істеу сағаттарын үйлестіру және егер олардың келетіндігі туралы хабар алдын ала түссе, жүктерді кедендік тазалауды жұмыстың дағдылы кестесінде көзделмеген сағаттарда жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету жолымен жәрдемдесуге ұ м т ы л а д ы .

2. Өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімдерді фитосанитариялық бақылау егер пайдаланылатын көлік құралдары бұл өнімдер тасымалдау кезінде бүлінбейтіндей немесе зақымдану көзі болмайтындай екендігі дәлелденсе, елдің ішінде орналасқан пункттерде де жүргізілуі мүмкін.

3. Уағдаласушы Тараптар қолданылып жүрген конвенцияның шеңберінде тасымалданатын тез өліп қалатын өсімдіктер мен тез бүлінетін өсімдік тектес өнімдерді физикалық бақылауды қысқартуға ұмтылады.

4. Жүктерді фитосанитариялық бақылаудың нәтижелерін алғанға дейін бөгеу қажет болған жағдайларда Уағдаласушы Тараптардың құзыретті бақылау қызметтері жүктерді сақтау ең аз кеден рәсімдер кезінде және олардың сенімді карантині мен сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асыру үшін шаралар қолданады.

5-бап

Транзиттік жүктер

Уағдаласушы Тараптар қолданылып жүрген конвенцияның шеңберінде өз елдерінде мұндай шаралар өсімдіктерді қорғау үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда, транзитпен тасымалданатын жүктерді мүмкіндігіне қарай фитосанитариялық бақылаудан босатады.

6-бап

Ынтымақтастық

1. Фитосанитариялық қызметтер фитосанитариялық бақылауға жататын жүктердің өткізілуін жеделдету мақсатында, атап айтқанда пайдалы ақпарат алмасу жолымен басқа Уағдаласушы Тараптардың тиісті қызметтерімен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімдер партиясы фитосанитариялық бақылау кезінде бөгелген жағдайларда, құзыретті қызмет бұл бөгеудің себептері мен жүктерге қатысты қабылданған шараларды көрсете отырып, экспорттаушы елдің тиісті қызметін ең қысқа мерзімде құлақтандыру шараларын қабылдайды.

5-ҚОСЫМША

ТЕХНИКАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІКТІ БАҚЫЛАУ 1-бап

Қағидаттар

Осы Конвенцияда көзделген жүктерге қатысты техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылау, ол қай жерде жүзеге асырылатындығына қарамастан, осы Конвенцияда, атап айтқанда, оған 1-қосымшада белгіленген қағидаттарға сәйкес жүргізіледі.

2-бап

Ақпарат

Әр Уағдаласушы Тарап кез келген мүдделі тұлғаға мынадай:

- өзі қолданатын стандарттар туралы;
- бақылау үшін ұсынылатын жерлер туралы;
- техникалық стандарттарға сәйкестігін бақылауға қатысты заңнамалық кесімдермен және ережелермен көзделген талаптар, сондай-ақ әдетте қолданылатын рәсімдер туралы ақпараттың тез арада берілуін қамтамасыз етеді.

3-бап

Стандарттарды келісу

Халықаралық стандарттар болмаған жағдайда ұлттық стандарттарды қолданатын Уағдаласушы Тараптар оларды халықаралық келісімдер жасау жолымен келісуге күш салады.

4-бап

Бақылауды ұйымдастыру

1. У ағ д а л а с у ш ы Т а р а п т а р :

- ол қажет және мүмкін болатын жерлерде тасымалдаудың талаптарына сәйкес техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылау пункттерін құруға;
- жүктердің қозғалысына, атап айтқанда техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылауға жауапты қызметтердің және кеден қызметтерінің жұмыс сағаттарын үйлестіру және егер олардың келетіндігі туралы хабар алдын ала түссе, жүктерді кедендік тазалауды жұмыстың дағдылы кестесінде көзделмеген сағаттарда жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету жолымен жәрдемдесуге ұмтылады.

2. Техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылау, егер пайдаланылатын көлік құралдарының бұл өнімдер тасымалдау кезінде бүлінбейтіндей немесе зақымдану көзі болмайтындай екендігі дәлелденсе, елдің ішінде орналасқан пункттерде де жүргізілуі м ү м к і н .

3. Уағдаласушы Тараптар қолданылып жүрген конвенцияның шеңберінде техникалық стандарттарға сәйкестікке бақылауға жататын тез бұзылатын жүктерге физикалық бақылауды қысқартуға ұмтылады.

4. Уағдаласушы Тараптар бақылаудың осы түрлеріне жауапты қызметтер қолданатын рәсімдерді және бақылау мен тексерудің басқа түрлерін жүргізуге жауапты

қызметтер қолданатын рәсімдерді әрқашан мүмкін болған кезде келісе отырып, техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылауды ұйымдастырады.

5. Техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылаудың нәтижелерін алғанға дейін жүктерді бөгеу қажет болатын жағдайларда Уағдаласушы Тараптардың құзыретті бақылау қызметтері жүктерді сақтау мен көлік құралдарының тұруының ең аз кеден рәсімдері кезінде жүктердің сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда сақталуы үшін шаралар қолданады.

5-бап

Транзиттік жүктер

Техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылау әдетте өткін транзит режимінде тасымалданатын жүктерге қатысты жүргізілмейді.

6-бап

Ынтымақтастық

1. Техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылау жүргізуге жауапты қызметтер техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылауға жататын тез бүлінетін жүктердің өткізілуін жеделдету мақсатында, атап айтқанда пайдалы ақпарат алмасу жолымен басқа Уағдаласушы Тараптардың тиісті қызметтерімен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Тез бүлінетін жүктердің топтамасы техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылау кезінде бөгелген жағдайларда, құзыретті қызмет осы бөгеу себептері мен жүктерге қатысты қабылданған шараларды көрсете отырып, экспорттаушы елдің тиісті қызметін ең қысқа мерзімде құлақтандыру шараларын қабылдайды.

6-ҚОСЫМША

САПАНЫ БАҚЫЛАУ 1-бап

Қағидаттар

Осы Конвенцияда көзделген жүктерге қатысты сапаны бақылау, ол қай жерде жүзеге асырылатындығына қарамастан, осы Конвенцияда, атап айтқанда, оған 1-қосымшада белгіленген қағидаттарға сәйкес жүргізіледі.

2-бап

Ақпарат

Әр Уағдаласушы Тарап кез келген мүдделі тұлғаға мынадай:
бақылау үшін жүктердің ұсынылуы мүмкін жерлер туралы;
сапаны бақылауға қатысты заңнамалық кесімдермен және ережелермен көзделген талаптар, сондай-ақ әдетте қолданылатын рәсімдер туралы ақпараттың тез арада берілуін қамтамасыз етеді.

3-бап

Бақылауды ұйымдастыру

1. У ағ д а л а с у ш ы Т а р а п т а р :

ол қажет және мүмкін болатын жерлерде тасымалдау талаптарына сәйкес сапаны
б а қ ы л а у п у н к т т е р і н к ұ р у ғ а ;

жүктердің қозғалысына, атап айтқанда сапаны бақылауға жауапты қызметтердің және кеден қызметтерінің жұмыс сағаттарын үйлестіру және егер олардың келетіндігі туралы хабар алдын ала түссе, тез бұзылатын жүктерді кедендік тазалауды жұмыстың дағдылы кестесінде көзделмеген сағаттарда жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету жолымен жәрдемдесуге ұмтылады.

2. Сапаны бақылау қолданылатын рәсімдер жүктерді халықаралық тасымалдауға жәрдемдесетін жағдайда, елдің ішінде орналасқан пункттерде де жүргізілуі мүмкін.

3. Уағдаласушы Тараптар қолданылып жүрген конвенцияның шеңберінде сапаны бақылауға жататын тез бұзылатын жүктерге физикалық бақылауды қысқартуға ұ м т ы л а д ы .

4. Уағдаласушы Тараптар бақылаудың осы түрлеріне жауапты қызметтер қолданатын рәсімдерді және бақылау мен тексерудің басқа түрлерін жүргізуге жауапты қызметтер қолданатын рәсімдерді әрқашан мүмкін болған кезде келісе отырып, сапаны бақылауды ұйымдастырады.

4-бап

Транзиттік жүктер

Сапаны бақылау әдетте өткін транзит режимінде тасымалданатын жүктерге қатысты жүргізілмейді.

5-бап

Ынтымақтастық

1. Сапаны бақылау жүргізуге жауапты қызметтер техникалық стандарттарға сәйкестікті бақылауға жататын тез бүлінетін жүктердің өткізілуін жеделдету мақсатында, атап айтқанда пайдалы ақпарат алмасу жолымен басқа Уағдаласушы Тараптардың тиісті қызметтерімен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Тез бүлінетін жүктердің топтамасы сапаны бақылау кезінде бөгелген жағдайларда, құзыретті қызмет осы бөгеу себептері мен жүктерге қатысты қабылданған шараларды көрсете отырып, экспорттаушы елдің тиісті қызметін ең қысқа мерзімде құлақтандыру шараларын қабылдайды.

7-ҚОСЫМША

ОСЫ КОНВЕНЦИЯНЫҢ 22-БАБЫНДА АТАЛҒАН ӘКІМШІЛІК КОМИТЕТІ РӘСІМДЕРІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ 1-бап

Мүшелері

Осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптары Әкімшілік комитетінің мүшелері болып табылады.

2-бап

Бақылаушылар

1. Әкімшілік комитеті Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын барлық мемлекеттердің құзыретті әкімшіліктерін немесе Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын халықаралық ұйымдардың өкілдерін оларды қызықтыратын мәселелерді талқылау кезінде бақылаушы ретінде Комитеттің сессияларына қатысуға шақыру ш е ш і м і н қ а б ы л д а й а л а д ы .

2. Соған қарамастан 1-баптың ережелеріне залал келтірмей 1-тармақта аталған құзыретті халықаралық ұйымдардың осы Конвенцияның қосымшаларымен реттелетін мәселелерді талқылау кезінде Әкімшілік комитетінің жұмысына бақылаушылар ретінде қатысуға құқығы бар.

3-бап

Хатшылық

Комитет хатшылығының қызметкерлерін Еуропаға арналған Экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысы бөледі.

4-бап

Шақыру

Еуропаға арналған Экономикалық комиссиясының атқарушы хатшысы:

- i) Конвенция күшіне енгеннен кейін екі жыл өткен соң;
- ii) одан кейін Комитет белгілеген мерзімдерде, бірақ кемінде бес жылда бір рет;
- iii) Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын кем дегенде бес мемлекеттің құзыретті органдарының өтініші бойынша Комитет шақырады.

5-бап

Лауазымды адамдар

Комитет өзінің әр сессиясында төрағаны және төрағаның орынбасарын сайлайды.

6-бап

Кворум

Шешімдерді қабылдау үшін Уағдаласушы Тараптар болып табылатын мемлекеттердің кемінде үштен бірін құрайтын кворум қажет.

7-бап

Шешімдерді қабылдау

- i) Ұсыныстар дауысқа салынады.
- ii) Уағдаласушы Тарап болып табылатын сессияға қатысушы әр мемлекеттің бір дауысы болады.
- iii) Конвенцияның 16-бабының 2-тармағын қолданған жағдайда, осы Конвенцияға қатысушылар болып табылатын экономикалық интеграция саласындағы аймақтық ұйымдар дауыс беру кезінде тағы да осы Конвенцияға қатысушылар болып табылатын мүше-мемлекеттердің дауыстарының жалпы санына тең дауысқа ғана ие болады. Осы соңғы жағдайда мүше-мемлекеттер өздерінің дауыс беру құқығын жүзеге асырмайды.
- iv) Төмендегі тармақшаның ережелерін ескере отырып, жоғарыдағы ii) және iii) тармақшаларда белгіленген жағдайларға сәйкес қатысып отырған және дауыс беруге

қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік даусымен қабылданады.

v) Осы Конвенцияға түзетулер жоғарыдағы ii) және iii) тармақшаларда белгіленген жағдайларға сәйкес қатысып отырған және дауыс беруге қатысып отырған мүшелердің көпшілік яғни үштен екі даусымен қабылданады.

8-бап

Баяндама

Сессия жабылар алдында Комитет өзінің баяндамасын бекітеді.

9-бап

Толықтырушы ережелер

Осы қосымшада тиісті ережелер болмаған жағдайда Комитет өзгеше шешім қабылдаса, онда Еуропаға арналған Экономикалық комиссия рәсімдерінің ережелері қолданылады.